Әділет

# Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 436 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14 (қосымша); N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат ; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159,161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110 -құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274,277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1997 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 146, 152-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 208-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11, 12, 176-құжат; N 13, 194-құжат; N 14, 201-құжат; N 22, 310-құжат):

1) 13-тарау мынадай мазмұндағы 169-9, 169-10-баптармен толықтырылсын:

"169-9-бап. Ақпарат беру ережелерін бұзу және жазбаша нұсқамаларды орындамау

Сақтандыру ұйымының лауазымды адамның уәкілетті мемлекеттік органға сақтандыру туралы заңдарға сәйкес талап етілетін ақпаратты беруден жалтаруы, сондай-ақ сенімсіз ақпарат немесе сақтандыру туралы заңдарға сәйкес талап етілетін мәліметтері жоқ ақпарат беруі, не уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру туралы заңдардың анықталған бұзылуын жою туралы жазбаша нұсқамаларын орындамауы, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (немесе әрекетсіздіктер), -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткiштiң алпыстан жүзге дейiнгi мөлшерiнде айыппұл салуға әкеп соғады.

169-10-бап. Сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлiк есептi және есеп берудi жүргiзу ережелерiн бұзуы

Сақтандыру ұйымының лауазымды адамның бухгалтерлiк есептi оның белгiленген стандарттарын немесе әдiстерiн (принциптерiн) бұза отырып жүргiзуi не ондағы көрсеткiштердi не сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын сақтау туралы мәлiметтердi және (немесе) сақтандыру туралы заңдарда белгiленген сақталуға мiндеттi басқа да нормалар мен лимиттердi бұрмалауға апаратын есеп жасауы,-

лауазымды адамдарға айлық есептiк көрсеткiштiң қырықтан жетпiске дейiнгi мөлшерiнде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бiрiншi бөлiгiнде көзделген, әкiмшiлiк жаза қолданылғаннан кейiн бiр жыл iшiнде қайталап жасалған әрекеттер (немесе әрекетсiздiктер),-

лауазымды адамдарға айлық есептiк көрсеткiштiң алпыстан жүзге дейiнгi мөлшерiнде айыппұл салуға әкеп соғады.".

2) 237-9-баптың бiрiншi бөлiгi "169-9, 169-10" деген сандармен толықтырылсын.

3) 248-1-баптың бiрiншi бөлiгiнiң 6) тармақшасындағы "қадағалау (169-5 - 169-8-баптар)" деген сөздер "және сақтандыруды қадағалау - (169-5 - 169-8, 169-9 және 169-10-баптар)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесi 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексiне (Жалпы бөлiм) ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесiнiң Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентiнiң Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2 , 3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; 1998 жылғы 30 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерiнде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбiр заң актiлерiне мемлекеттiк заңды тұлғалар мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы" 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 62-баптың 1-тармағы "не" деген сөзден кейiн "акционерлiк қоғамдар немесе" деген сөздермен толықтырылсын.

2) 77-бапта:

2-тармақтың бiрiншi бөлiгiндегi "елу" сөздерi "жүз" сөздерiмен ауыстырылсын, " шаруашылық серiктестiк" деген сөздерден кейiн "акционерлiк қоғам" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың екiншi бөлiгi "шаруашылық серiктестiктерi" деген сөздерден кейiн " акционерлiк қоғам" деген сөздермен толықтырылсын.

3) 107-баптың 2-тармағындағы "есеп айырысу" деген сөздер "банктiк" деген сөзбен

ауыстырылсын;

4) 282-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі үшінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл жағдайда теңгемен төленуге тиісті сома Ұлттық Банктің тиісті шетел валютасы үшін төлем күні белгіленген ресми бағамы бойынша не тараптардың келісімімен белгіленген өзге бағаммен айқындалады.".

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат):

1) 7-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "банктік есеп айырысуды" деген сөздер "банктер мен олардың клиенттері арасындағы ақша аударымдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-бапта:

г) тармақшасындағы "оның" деген сөз "олардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

д) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілейтін тәртіппен және шартпен банктердің және басқа ұйымдардың алған кредиттері бойынша Қазақстанның Ұлттық Банкі алдындағы борыштарын қайта құрылымдауға құқылы;";

з) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"з) Қазақстан Республикасында ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру тәртібін, жүйесі мен нысанын белгілейді, банктер арасында Қазақстан теңгесімен ақша аударымдарының уақтылы және кідіріссіз жүргізілуін қамтамасыз ететін төлем жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, банктердің өздері пайдаланатын автоматтандырылған жүйелер мен банк ақпаратын қорғаудың сенімді, қауіпсіз болуын қамтамасыз ету жөніндегі ең төменгі талаптарын белгілейді;";

к) тармақшасындағы "есеп айырысу" деген сөздер "ақша төлемдері мен аударымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

л) тармақшасында "белгілейді" деген сөз "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдармен келісе отырып, бухгалтерлік есептің стандарттарын белгілейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

м) тармақшасындағы "есеп айырысу" деген сөздер "ақша төлемдері мен аударымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

р) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"р) елдің есептік төлем балансын қалыптастырады және төлем балансы көрсеткіштерінің қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамды бағаларын әзірлеуге қатысады, мемлекеттік кепілдігі жоқ мемлекеттік емес сыртқы

займдардың шарттарын тіркеу мен мониторингін жүзеге асырады және елдің жалпы сыртқы борышының бағасын қалыптастырады;";

с) тармақшасында:

"сондай-ақ" деген сөз алып тасталсын;

", сондай-ақ индоссаттың банк шотындағы қайта есептелген вексельдер сомасын төлеуге қарсылық білдіру негізінде осы вексель бойынша төлем жасаудан бас тартқан жағдайда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы у-1) және у-2) тармақшаларымен толықтырылсын;

"у- 1) банктер ашатын есеп айырысу-кассалық бөлімдерін (жинақ кассаларын) - банктердің тұрған жерінен тыс жерде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, заңды тұлға мәртебесіне ие болмаған және өкілдіктер немесе филиалдар болып есептелмейтін, аумақтық жағынан ерекшеленген бөлімшелерін, сондай-ақ ломбардтардың тұрған жерінен тыс жерде ломбардтар ашатын қабылдау пункттерін ашуға келісім береді және арнайы есебін жүргізеді;

у-2) Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес вексельдерді қайта есептеуді жүзеге асырады;";

3) III тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"III тарау. Қазақстан Ұлттық Банкінің капиталы және резервтері";

4) 9-баптың бірінші бөлігіндегі "оның табысынан алынған" деген сөздер "оның таза табысынан алынған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-бапта:

баптың атауындағы "қоры" деген сөз "капиталы" деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

"қоры" деген сөз "капиталы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"өз" деген сөз "таза" деген сөзбен ауыстырылсын;

"осы қор туралы" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте:

"шығынды банк активтерінен" деген сөздер "үмітсіз талаптарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"банктік емес активтерден құралады, оған аяқталмаған құрылыс көлемі және Қазақстан Ұлттық Банкінің монетарлық емес өзге де талаптары, сондай-ақ әлеуметтік сипаттағы төлемдер кіреді." деген сөздермен толықтырылсын;

6) 11-баптың екінші және үшінші бөліктеріндегі "жарғылық капитал мен резерв қорын" деген сөздер "жарғылық және резерв капиталын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) IY тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"IY тарау. Қазақстан Ұлттық банкінің құрылымы мен органдары. Оларды қалыптастыру тәртібі және құзыреті";

8) 12-баптың атауындағы және екінші бөлігіндегі "басқару" деген сөз алып тасталсын;

9) 15-бапта:

бірінші бөлікте:

"басқару" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы е-1), е-2) тармақшаларымен толықтырылсын:

"е-1) банк болып табылмайтын заңды тұлғалардың Қазақстан Ұлттық Банкінде банк шоттарын ашу шарттарын белгілеуге;

е-2) банктер мен басқа ұйымдардың Қазақстан Ұлттық Банкі берген кредиттері бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі алдындағы борыштарын қайта құрылымдау шарттарын анықтауға;

л) тармақшасындағы "табыстары мен шығындары" деген "қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

м) тармақшасындағы "жарғылық капиталы мен резерв қорын" деген сөздер "жарғылық және резерв капиталын" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 17-бапта:

екінші бөліктегі "шақырылады" деген сөз "өткізіледі" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "қатысқан" деген сөз "қатынасқан" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктегі "қатысқан мүшелерінің" деген сөздер "Басқарма мүшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 19-бапта:

төртінші бөлікте:

"барлық" деген сөз алып тасталсын;

"(немесе оның орынбасарларының)" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 43-баптың бірінші бөлігіндегі "шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге" деген сөздер "банк шоттарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 46-баптың бірінші бөлігіндегі "жартысынан" деген сөз "үштен екісінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) YIII тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

YIII тарау. Ақша төлемі мен аударымын ұйымдастыру";

15) 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша төлемі мен аударымын ұйымдастыруға өкілеттігі

Қазақстан Ұлттық Банкі төлем жүйесінің қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және реттейді, сондай-ақ:

1) ақша төлемін және (немесе) аударымын жүзеге асыру тәсілдерін қолдану ережелері мен ерекшеліктерін, төлем нұсқаулары мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды;

2) банктер мен олардың клиенттеріне кассалық қызмет көрсету тәртібін белгілейді." ;

16) 50-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"50-бап. Ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру тәсілдері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру тәсілдері Қазақстан Республикасының заң актілерінде және соларға сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.";

17) 52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Қазақстан Ұлттық Банкіндегі банк шоттарының иелері

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіппен Қазақстан Ұлттық Банкінде банк шоттарын ашқан заңды тұлғалар және банктер ондағы банк шоттарының иелері болып есептеледі.";

18) мынадай мазмұндағы 52-1-баппен толықтырылсын:

"52-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің ұлттық валютамен операциялары және мәмілелері

Қазақстанның Ұлттық Банкі ұлттық валютамен мынадай операциялар жүргізеді:

1) осы Жарлықта көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкінде ашылған банк шоттарының иелеріне алты айдан аспайтын мерзімге өтімділігі жоғары, тәуекелсіз бағалы қағаздармен және басқа да активтермен қамтамасыз етілген кредиттер береді;

2) өтеу мерзімі алты айдан аспайтын, саудаға шығарылған бірінші сыныпты эмитенттердің вексельдерін қайта есепке алады;

3) мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;

4) Қазақстанның Ұлттық Банкі кредиттерді қамтамасыз ету үшін жарамды деп есептейтін, өтеу мерзімі бір жылдан аспайтын депозиттік сертификаттарды, борыштық бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;

5) депозиттерді қабылдайды, ақша төлемі мен аударымдарын жүзеге асырады, бағалы қағаздар мен өзге де құндылықтарды сақтауға және басқаруға қабылдайды;

6) туынды қаржы құралдарымен операцияны жүзеге асырады;

7) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі банктер мен қаржы ұйымдарында шоттар ашады;

8) чек жазып береді және вексельдер береді;

9) егер осы Жарлықта тікелей тыйым салынбаған болса, басқа банк операцияларын, сондай-ақ өз міндеттеріне сәйкес өз атынан мәмілелерді жүзеге асырады.";

19) 54-баптың бірінші бөлігінде:

үшінші абзац алып тасталсын;

төртінші абзацтағы "өндірістік" деген сөз алып тасталсын;
20) 56-баптың бірінші бөлігіндегі в) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"в) валюта құндылықтарын Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан алып кету және жіберу тәртібін белгілейді. Резиденттер үшін Қазақстан Республикасына шетел валютасын және шетел валютасындағы бағалы қағаздарды міндетті түрде аудару тәртібін белгілейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы резиденттерінің шетел банктерінде шот ашу шарттарын анықтайды.";
21) 57-бапта:
атауындағы "шетелдік валютамен" деген сөздер "валюталық құндылықтармен" деген сөздермен ауыстырылсын:
бірінші бөліктің үшінші абзацындағы "кепілдік берген" деген сөздердің алдынан " Қазақстан Республикасының Үкіметі шетел валютасымен" деген сөздермен толықтырылсын;
22) 58-баптың төртінші бөлігінің екінші және бесінші абзацтарындағы "монетарлық" деген сөз "тазартылған" деген сөзбен ауыстырылсын;
23) мынадай мазмұндағы 62-1-баппен толықтырылсын:
"62- 1-бап. Сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттікті жүзеге асыру
1. Қазақстан Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының Президенті өзіне жүктеген өкілеттікке сәйкес сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеуді және қадағалауды жүзеге асырады.
2. Сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Ұлттық Банкінің міндеттері мен мақсаттары осы Жарлықта және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде белгіленеді.
3. Қазақстан Ұлттық Банкі сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ретінде:
1) Қазақстан Республикасы сақтандыру рыногының жұмыс істеуін, сақтандырушылардың және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің қызметін мемлекеттік реттеу жөніндегі шараларды белгілейді және іске асырады;
2) өз құзіреті шегінде сақтандыру рыногының барлық субъектілері үшін міндетті сақтандыру қызметі мен оны қадағалау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;
3) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары үшін жарғылық капиталдың ең аз мөлшерін белгілейді;
4) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің қызметін лицензиялайды;
5) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын ашуға, олардың өз еркімен қайта

құрылуына және таратылуына рұқсат береді, Қазақстан Республикасының аумағында да, республика аумағынан тыс жерлерде де сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім береді;

6) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының Басқарма Төрағалары мен мүшелері, бас бухгалтерлері, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары филиалдарының басшылары мен бас бухгалтерлері лауазымдарына адамдарды сайлауға (тағайындауға) келісім береді не келісім беруден бас тартады;

7) сақтандыру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды тексереді (инспекциялайды);

3) сақтандыру рыногының субъектілерінен өзінің бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпарат алып отырады;

9) өзінің бақылау және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік, статистикалық және өзге есептерінің тізбесін, нысандарын, беру мерзімін белгілейді;

10) сақтандыру статистикасын әзірлеу сақтандыру рыногының жай-күйіне экономикалық талдау жасау үшін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары қауымдастықтарынан, одақтары мен бірлестіктерінен, мемлекеттік органдардан қажетті ақпарат алып отырады;

11) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлеріне берілген лицензиялардың күшін тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ олардың қызметін заңдарда көзделген негіздемелер бойынша сот тәртібімен тоқтату жөнінде шаралар қолданады;

12) басқа мемлекеттердің сақтандыруды қадағалайтын орталық органдарымен қарым-қатынастарда, халықаралық және өзге де сақтандыру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді.

4. Қазақстан Ұлттық Банкінің сақтандыру қызметін қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ретіндегі өзге функциялары және өкілеттігі сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарда белгіленеді.";

24) 64-баптың екінші бөлігінің алтыншы абзацындағы "Байқаушы Кеңесінің" деген сөздер "Директорлар кеңесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 66-бапта:

екінші бөліктегі "Банкінің" деген сөзден кейін "жылдық" деген сөзбен толықтырылсын:

үшінші бөліктегі "пайдасы мен шығыны" деген сөздер "қаржы шаруашылық қызметінің нәтижелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 67-бапта:

бірінші бөліктің төртінші абзацындағы "пайдасы мен шығынының", "пайда" деген сөздер "қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің", "таза табыс" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "балансының" деген сөз "қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы жылдық баланстың және есептің" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 72-баптың екінші бөлігіндегі "есеп айырысу ұйымдары" деген сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жырығы 17 сәуірдегі N 2198 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14; 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6; 50-құжат; N 17-18; 224-құжат.):

1) 6-бапта:

үшінші бөлікте:

"Банк" деген сөзден кейін "және сақтандыру (сақтандыру делдалдығын қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

"банктердің филиалдарын және өкілдіктерін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктердің, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының филиалдар және өкілдіктер болып табылмайтын аумақтық оқшау бөлімшелері тиісінше банк және сақтандыру заңдарында белгіленген тәртіппен құрылады және есептік (мемлекеттік) тіркелуге жатпайды.";

төртінші-тоғызыншы бөліктер бесінші-оныншы бөліктер болып есептелсін;

2) 14-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктердің, ұйымдардың, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті банк және сақтандыру заңдарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.".

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат, N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7; 80-құжат; N 11; 144-149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195-205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; 1998 жылғы 15 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырылар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдары туралы" және Қазақстан

Республикасының мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" заң күші бар Жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" 1998 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 8 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-баптың екінші бөлігіндегі "операцияларын жасауға" деген сөздерден кейін " және сақтандыру рыногындағы қызметті жүзеге асыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 11-баптың 1-тармағындағы 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары мен брокерлерінің сақтандыру және қайта сақтандыру саласындағы қызметі;"

3) 15-бап мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары мен брокерлеріне сақтандыру және қайта сақтандырумен байланысты қызметті жүзеге асыру үшін лицензия беру шарты мен тәртібі сақтандыру және қайта сақтандыру туралы заңдарда белгіленеді.";

4) 19-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі туралы заңдарда сақтандыру және қайта сақтандыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беруден бас тартудың өзге де негіздері белгіленуі мүмкін.".

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 231-құжат; N 19; 370-құжат; 1997 ж., N 5; 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат):

1) 1-баптың 2-тармағындағы "министрлігінде", "министрлігі" деген сөздер " министрлігі органдарында", "министрлігінің органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-бапта:

2-тармақта:

а) тармақшасындағы "жарғылық капиталдағы" деген сөздер жарғылық капиталдардағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"олардың жалпы санынан олардың бір эмитентінің акцияларына" деген сөздер " шығарылған акциялардың жалпы санынан бір эмитенттің акциялары" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы е-1) тармақшамен толықтырылсын:

"е-1) бағалы қағаздары қор биржасында листингтен өткен заңды тұлғалардың облигацияларымен мәмілелерді жүзеге асыру";

3) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Банктер қатысатын консорциумдар және басқа да бірлестіктер

Кредит беруге және өзге міндеттерді шешуге байланысты бірлескен жобаларды іске асыру мақсатында банктер бірлескен қызметі туралы шарт негізінде консорциум құруға және басқа консорциумдар, қауымдастықтар жұмысына қатысуға құқылы.";

4) 11-бапта:

баптың атауындағы "мен өкілдіктері" деген сөздер "өкілдіктері және есеп айырысу-касса бөлімдері (жинақ кассалары)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

Қазақстан Республикасында шетелдің қатысуымен банктердің филиалдарын ашу тәртібін Ұлттық Банк белгілейді.";

5) 12-баптың 2-тармағында:

"қайта құруға" деген сөздер "үлгісін өзгертуге" деген сөздермен ауыстырылсын, " жағдайда" деген сөзден кейін "ғана" деген сөз қосылсын;

6) 14-баптың 3-тармағында:

үшінші абзацтағы "және пайдалану" деген сөздерден кейін "(резервтік капиталын)" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"банк органдарының шешім қабылдау тәртібі";

7) 15-баптың 4-тармағында:

бірінші бөлігі "деңгейде" деген сөзден кейін "еншілес банктерді қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еншілес банктер өзінің атауына негізгі банктердің атауын пайдалануға міндетті";

8) 16-бапта:

1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктің мемлекет құрылтайшы (қатысушы) ретінде сатып алатын (иелік ететін) акцияларының құнын төлеуге ақша немесе өзге мүлік енгізілуі мүмкін.";

2-тармақ

"осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 17-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар немесе тізбесін Ұлттық Банк бекітетін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың құрылтайшылары ( акционерлері) болып табылатын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының резидент

банктерінің құрылтайшысы немесе акционері бола алмайды."
мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:
"6. Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғалары, банктерді қоса алғанда, егер оларда тізбесін Ұлттық Банк белгілейтін негізгі рейтингтік агенттіктердің бірінің ең аз талап етілетін рейтингі болса Қазақстан Республикасының резидент банктері акцияларының бес және одан да кеп процентіне ие бола алады.";
10) 18-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "қолданылмайды" деген сөз "да қолданылады" деген сөздермен ауыстырылсын;
11) 20-бапта:
1-тармақтағы "Байқаушы кеңесінің" деген сөздер "Директорлар кеңесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;
4-тармақтағы "Байқаушы кеңесінің" деген сөздер "және Директорлар кеңесі мүшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;
12) 21-бапта:
1-тармақтағы "туралы өтінішіне" деген сөздерден кейін "оның басқа банктер мен қаржы ұйымдарының жарғылық капиталына қатысуы туралы мәліметтерін" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:
"4. Ұлттық Банк жарғылық капиталына банктің құрылтайшысы болып табылатын резидент емес заңды немесе жеке тұлға қатысқан банктердің немесе қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайы туралы ақпарат сұратуға құқылы. Аталған банктердің немесе қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайы қанағаттанғысыз болған жағдайда Ұлттық Банк аталған резидент емес заңды немесе жеке тұлғаға резидент банктің жарғылық капиталына қатысуға рұқсат беруден бас тартуға құқылы.";
13) 22-баптың 1-тармағында:
а) тармақшасындағы "жиырма бес" деген сөздер "елу" деген сөзбен ауыстырылсын;
б) тармақшасындағы "Байқаушы кеңесінің" деген сөздер "Басқармасының" деген сөзбен ауыстырылсын;
14) 25-баптың бірінші және екінші бөлігіндегі "министрлігі", "министрлігіне" деген сөздер "министрлігінің органдары", "министрлігінің органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;
15) 26-баптың 6-тармағындағы бәсірелік болып табылады және" деген сөздер алып тасталсын;
16) 28-баптың 1-тармағындағы "министрлігінде" деген сөз "министрлігінің органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;
17) 29-бапта:
атаудағы "мен өкілдіктерін" деген сөздерден кейін "және есеп айырысу-касса бөлімдерін (жинақ кассаларын)" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Банктің есеп айырысу-касса бөлімі (жинақ кассасы) - банктің Ұлттық Банк келісімі негізінде құрылған, заңды тұлға болып табылмайтын, филиалдық не өкілдік мәртебесі жоқ, Қазақстан Республикасының аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін орындайтын аумақтық оқшау бөлімшесі.";

8-тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Есеп айырысу-касса бөлімдері (жинақ кассалары) қолданылып жүрген банк заңдарына сәйкес ашылады және жабылады.";

екінші бөлік "органдарына" деген сөздің алуынан "министрлігінің" деген сөзбен толықтырылсын;

екінші бөлік үшінші бөлік болып есептелсін;

18) 30-бапта:

2-тармақта:

а) және б) тармақшаларындағы "депозиттерін" деген сөз "банк шоттарын ашуды және жүргізуді" деген сөздермен толықтырылсын;

в) тармақшасындағы "сондай-ақ банктердің металл шоттарын" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы в-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"в-1) осы адамның иелігіндегі тазартылған бағалы металдардың нақты саны көрініс табатын жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;";

г) тармақшасы "қабылдау" деген сөзден соң "беруді" деген сөзбен толықтырылсын;

ж) тармақшасы "төлем, мерзім, қайтарым талаптарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

и) тармақшасы "қаражатты" деген сөзден кейін "тазартылған бағалы металдарды және құнды қағаздарды" деген сөздермен толықтырылсын;

к) тармақшасындағы "(есеп айырысу)" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлік "басқа" деген сөзден кейін "заңды" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақта:

г) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) ақша түрінде орындауды көздейтін кепілдіктер беру;";

мынадай мазмұндағы г-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"г-1) ақша түрінде орындауды көздейтін үшінші адамдар үшін тапсырымдар және басқа міндеттемелер беру";

19) 31-бапта:

2-тармақта:

бірінші абзацта "банктің Байқаушы кеңесі" деген сөздер "банк директорларының кеңесі (жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

ж) тармақшасындағы "банктің Байқаушы кеңесі" деген сөздер "банк

директорларының кеңесі (жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 34-бапта:

1-тармақ "төлем" деген сөзден кейін "мерзімі" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақта:

"ережеге" деген сөз "ережелерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Байқаушы кеңесі" деген сөздер "банк директорларының кеңесі (жабық қоғамда бұл орган болмаған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші абзацындағы "ереже" деген сөз "ережелер" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "банктердің кепілдік операцияларына" деген сөздер "банктердің кепілдіктер және кепілдемелер беру жөніндегі операцияларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 35-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банк бір заемшыға осы заемшының банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заем қаражатының көлемін шегеріп тастағанда активтердің орташа жылдық құнынан асып кететін жалпы сомаға банк кредитін беруге құқылы емес. Заемшының активтерінің орташа жылдық құны есепті жылдың басынан осы кредитті алған күнге дейінгі кезеңге есептеледі.";

4-тармақтағы "банктердің кепілді операцияларын" деген сөздер "банктердің кепілдіктер мен кепілдемелер беру жөніндегі операцияларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 38-бапта:

баптың атауындағы "Ақшалай қаражаттар" деген сөздер "Төлемдер және ақшалай қаражаттар" деген сөздермен толықтырылсын 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"1. Банктер Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер мен ақша аударымдарын заңдарда белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.";

2-тармақтағы "Ақшалай қаражаттар" деген сөздерден кейін "және төлемдер" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "халықаралық" деген сөзден кейін "төлемдерін және" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 40-баптың 7-тармағында:

"кепілдік" деген сөзден кейін "кепілдемелер" деген сөзбен толықтырылсын;

"банктің Байқаушы кеңесінің" деген сөздер "банк директорлары кеңесінің (жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 41-бапта:

баптың атауы мынадаЙ редакцияда жазылсын:

"41-бап. Банктерге және олардың лауазымдар адамдарына қолданылатын шаралар. Банктік реттеу тәсілдері";

жетінші абзац "банктерге" деген сөзден кейін "немесе олардың лауазымды адамдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 42-баптың 1-тармағының үшінші бөлігінде "бұзғаны үшін" деген сөздер " банктің және олардың лауазымды адамдары бұзғаны үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 43-баптың атауындағы және 1-тармағындағы "Резервтік қорлар", "қорының" деген сөздер тиісінше "Резервтік капитал", "капиталдың" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 48-баптың 1-тармағында:

в) тармақшасындағы "есеп айырысу" деген сөздер "төлем" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы л-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"л-1) банктің қайта құрылу немесе таратылу жолымен өз қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдауы.";

28) 54-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "Байқаушы кеңесі" деген сөздер " банк директорларының кеңесі (жабық қоғамда мұндай орган болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 55-баптағы "пайда мен залал туралы есепті" деген сөздер тиісінше "кірістер мен шығыстар туралы есепті" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 69-бап мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Ерікті түрде таратылу процесін аяқтаудың мүмкін еместігіне байланысты Ұлттық Банк банктің жұмысын еріксіз тоқтату (тарату) туралы сотқа жүгінуге құқылы. ";

31) 73-баптың 7-тармағындағы "министрлігі" деген сөз "министрлігінің органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 U952475_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 115-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 15, 279-құжат; 1997 ж., N 11, 143-құжат; N 13-14, 205-құжат):

1) 1-бапта

2-тармақтағы "Сақтандыру қызметі-" деген сөздерден кейін "сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын және" деген сөздермен толықтырылып, "сақтандырушының" деген сөз алып тасталсын;

"мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:
"2-1. Уәкілетті мемлекеттік орган - мемлекеттің сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі міндеттер мен өкілеттіктерді заңдарда белгіленген өкілеттіктерге сәйкес жүзеге асыратын органы.";
2) 2-бап:
"нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;
"Үкіметінің" деген сөзден кейін ", сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен толықтырылсын;
3) 3-бапта:
баптың атауындағы "сақтандыру қатынастары" деген сөздер "қатынастары" деген сөзбен ауыстырылсын;
1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:
" - уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі өзінің қызметі мен өкілеттіктерін жүзеге асырумен байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.";
4) 5-баптың 4-тармағында:
"заңдарда" деген сөз "заң актісінде" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші сөйлем алып тасталсын;
5) 8-бапта:
2-тармақта:
бірінші бөлік алып тасталсын;
екінші бөліктегі "ұйымдардың" деген сөздер "және қайта сақтандырушы ұйымдардың, шетелдік сақтандыру делдалдарының" сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:
"5-1. Шетел қатысатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы - акцияларының үштен бірінен астамы мыналардың:
1) Қазақстан Республикасының резидент еместерінің;
2) акцияларының (қатысушылар салымдарының) үштен бірінен астамы Қазақстан Республикасы резидент еместерінің не соларға ұқсас Қазақстан Республикасы резиденттерінің - заңды тұлғаларының меншігінде және (немесе) басқаруында болатын Қазақстан Республикасының резиденттері - заңды тұлғалардың;
3) Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қаражатын бөлушілер (сенім көрсетілген адамдар) болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері не осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың иелігіндегі және (немесе) басқаруындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы.
5-2. Шетел қатысқан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық тіркелген жарғы капиталы, уәкілетті мемлекеттік орган рұқсат берген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының барлық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бірге тіркелген жарғы капиталының жиырма бес процентінен аспауға

тиіс.";

6) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылуы мен қызметінің ерекшеліктері

1. Құрылатын сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын мемлекеттік тіркеуді уәкілетті мемлекеттік органның оны ашуға рұқсаты негізінде Әділет министрлігінің органдары жүзеге асырады.

2. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары акционерлік қоғам және мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылады.

3. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын ашуға рұқсат беру (кері қайтарып алу) тәртібі, оларды құрған кезде қойылатын қосымша талаптар, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бұл ұйымдарды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу, оларды қайта құру және тарату ерекшеліктері, сондай-ақ олардың қызметін реттеу (сақтандырушының шарттық қатынастарын қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

4. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына сақтандыруға жатпайтын немесе сақтандыру қызметінің нысанасынан тікелей туындамайтын кәсіпкерлік қызмет ретінде (сауда және материалдық өндіріс саласын қосқанда) мәмілелер мен операцияларды жүзеге асыруға тыйым салынады.";

7) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері

1. Мемлекеттік уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін коммерциялық ұйымдар сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері ретінде өкілеттік етуге құқылы.

2. Сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері сақтандырушы делдалдар болып табылады және сақтандырушы, қайта сақтандырушы тараптармен немесе үшінші тұлғамен тиісті шарттарда (келісімдерде) белгіленген талаптар шегінде жауапкершілікте болады.

3. Сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін (сақтандыру делдалдығын) жүргізуге берген тиісті лицензияның негізінде өз қызметін жүзеге асырады.";

8) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының капиталы

1. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

2. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтайшылары ( акционерлері) сатып алатын акцияларға тек қана ақша төлеуге міндетті.

3. Құрылған сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының жарғылық

капиталына акционерлердің меншік капиталы шегінде ақша салынуы мүмкін.

4. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарында жарияланған жарғылық капиталын олардың акционерлері бұл ұйымдарды мемлекеттік тіркеу кезіне төлеуге тиіс.";

9) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Сақтандырушылардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етудің ең төменгі шарттары

1. Сақтандырушы өзінің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге міндетті. Қаржылық орнықтылықты қамтамасыз етудің ең төменгі шарттарына: меншікті капиталы мен сақтандыру резервтерінің қажетті мөлшерде болуы сақтандырушының жекелеген шарт бойынша ең төменгі міндеттеме нормативін сақтауы және уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сақталуға міндетті басқа нормалар мен лимиттерді орындау жатады.

2. Сақтандырушының меншікті капиталы сақтандырушының сақтандыру резервтері мен басқа да міндеттемелері (кредиторлық борышы) сомасын шығарып тастағаннан кейінгі барлық активтерінің құны ретінде белгіленеді. Сақтандырушылардың активтерінің көлемін анықтау әдісін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

3. Сақтандыру резервтері сақтандыру төлемдерінің есебінен құралады. Сақтандыру резервтерін қалыптастыру тәртібі мен мөлшерін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

10) 36-баптың атауындағы және мәтініндегі "қоры", "қордың" деген сөздер " капиталы", "капиталдың" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 37-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

2. Сақтандыру резервтерін орналастыруды сақтандырушылар бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.";

3 және 4-тармақтар алып тасталсын;

12) 38-40-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"38-бап. Сақталуға міндетті нормалар мен лимиттер

1. Сақтандырушының, сақтандырудың немесе қайта сақтандырудың жеке шарты бойынша қайта сақтандырушының міндеттемелерінің ең жоғарғы көлемі меншікті капиталы мен сақтандыру резервтері сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

2. Егер сақтандырушы немесе қайта сақтандырушы аталған нормативтен асыра отырып міндеттемелер қабылдаған жағдайда, олардың артық бөлігі қайта сақтандырылуға тиіс.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылар сақтауға міндетті басқа нормалар мен лимиттерді белгілеуге құқылы.

39-бап. Есеп және есеп беру

Сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылардың, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік, статистикалық және өзге де есеп берулерінің тізбесін, нысанын, мерзімін, сондай-ақ олардың жылдық есепті жариялау мерзімін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

40-бап. Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу және қадағалау міндеттері

1. Сақтандыру қызметі мен сақтандыруды қадағалауды мемлекеттік реттеу міндеттері Қазақстан Республикасының сақтандыру жүйесінің тұрақтылығын қолдау, сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру қызметінің өзге де субъектілері клиенттерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, өздері өткізетін сақтандыру мәмілелері мен операцияларының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру рыногының субъектілері үшін арнайы талаптар, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлері үшін міндетті нормативтер белгілеу болып табылады.

2. Сақтандыру қызметін реттеуді және оны сақтандыруды қадағалауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.";

13) 41-бапта:

баптың атауындағы және бірінші абзацтағы "Мемсаққадағалаудың" деген сөз " Уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "қызметін" деген сөз "қызметінің түрін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылардың қаржылық орнықтырылығын қамтамасыз етудің ең төменгі шарттарын сақтауды бақылау;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен сақтандыру қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиялардың күшін тоқтата тұруды қоса алғанда, сақтандырушылардың, қайта сақтандырушылардың, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің сақтандыру қызметін реттеу және оны қадағалау;";

мынадай мазмұндағы 6-1) - 6-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) осы Жарлықта көзделген мәселелер бойынша рұқсаттар мен келісімдер беру;

6-2) Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сақтанушылардың (сақтандырылғандардың) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдау;

6-3) басқа мемлекеттердің сақтандыруды қадағалау орталық органдарымен халықаралық және өзге де сақтандыру ұйымдарымен қатынастарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру болып табылады.";

14) 42-бапта:

баптың атауындағы және бірінші бөліктегі "Мемсаққадағалаудың" деген сөз "

Уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "шетел қатысатын кәсіпорындарды қоса алғанда" деген сөздер алып тасталсын;

мынадаЙ мазмұндағы 7-1) - 7-10) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) сақтандыру ұйымдары мен басқа сақтандыру қызметі субъектілерінің міндетті түрде орындауға тиісті нормативтік құқықтық актілерін шығаруға;

7-2) сақтандыру резервтерін қалыптастыру және пайдалану тәртібін белгілеуге, сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылардың қаржылық жай-күйін бағалау әдісін , сондай-ақ олардың қызметінің нәтижесін анықтауға;

7-3) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерін белгілеуге;

7-4) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын ашуға, олардың ерікті түрде қайта құрылуына және тарауына, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының филиалдары мен өкілеттіктерін республика аумағында және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде де ашуға рұқсат беруге;

7-5) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының Басқарма төрағалары мен мүшелері, бас бухгалтерлері, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары филиалдарының басшылары мен бас бухгалтерлері қызметіне адамдар сайлауға ( тағайындауға) келісім беруге немесе келісім беруден бас тартуға;

7-6) сақтандыру қызметін дербес немесе аудиторлық ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асыратын ұйымдарға тексеру жүргізуге (инспекциялауға);

7-7) сақтандыру рыногының субъектілерінен өзінің бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпарат алып отыруға;

7-8) өзінің бақылау және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік, статистикалық және өзге есептерінің тізбесін, нысанын, тапсыру мерзімін белгілеуге;

7-9) сақтандыру статистикасын, сақтандыру рыногының жай-күйіне экономикалық талдау әзірлеу үшін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қауымдастықтарынан, одақтары мен бірлестіктерінен, мемлекеттік органдардан қажетті ақпарат алуға;

7-10) заңдарда көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлеріне берілген лицензиялардың күшін тоқтата тұру туралы шешімдер, сондай-ақ сотта қарау тәртібімен олардың қызметін тоқтату туралы шаралар қабылдауға құқығы бар.":

15) 43-бапта:

2 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру қызметінің түрлерін жүзеге асыруға лицензияларды уәкілетті мемлекеттік орган береді.";

5-тармақ "Сақтандыру" деген сөзден кейін "(қайта сақтандыру)" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта:

"сақтандыру делдалының" деген сөздер алып тасталсын;

"сақтандыру тәуекелдерін бағалаумен, залалдың мөлшерін, сақтандыру төлемдерінің мөлшерін анықтаумен" деген сөздер "сақтандыру тәуекелдерін, сақтандыру төлемдерінің мөлшерін бағалаумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру және қайта сақтандыру брокерлерінің қызметін лицензиялау тәртібі мен шарты, сондай-ақ бұл ретте оларға қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

8. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға берілетін лицензияның нысанын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.";

9-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Мемсаққадағалау" деген сөз "Уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 44-баптағы "Мемсаққадағалауға" деген сөз "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 46-бапта:

1-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"егер өтініш беруші осы Жарлықта немесе уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тиісті құжаттарды беру жөніндегі талаптарды орындамаса;";

төртінші абзац "сақтандыру" деген сөзден кейін "немесе қайта сақтандыру" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші және алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"егер сақтандыру қызметі субъектісінің жарғылық капиталын қалыптастыру жөніндегі шарттар орындалмаса не оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің ең төменгі шарттары сақталмаса;

егер лицензиар берген құжаттар (шарттық сақтандыру құжаттамасының үлгілері - сақтандыру түрлері бойынша ішкі ережелер, шарт нысандары және сақтандырудың өзге де талаптарын өзінің мазмұны бойынша заңдардың талаптарына сай келмесе, лицензия беруден бас тартылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын.

"2-1. Сақтандырушыға және қайта сақтандырушыға сақтандырудың (қайта сақтандырудың) қосымша түрлерін жүзеге асыруға лицензия беруден бас тартудың негіздемесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді."

18) 47-баптағы "Мемсаққадағалауға" деген сөз "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 48-бапта:

1-тармақтағы "Мемсаққадағалаудың" деген сөз уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сақтандырушы қаржылық орнықтылықтың ең төменгі шарттарының біреуін болса да орындамаған;

3) тармақша "ұйғарылған" деген сөзден кейін "нормативтік" деген сөзбен толықтырылсын;

4) тармақша "сақтандыру" деген сөзден кейін "немесе қайта сақтандыру" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарты бойынша қабылданған міндеттемелерді жүйелі түрде орындамаған;";

6) тармақшадағы "Мемсаққадағалау" деген сөз "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "сақтандырушыға", "оның" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы "сақтандырушыға" деген сөз "орындау үшін лицензиардың назарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1 және 6-2-тармақтармен толықтырылсын:

"6-1. Қайта сақтандыру ұйымы (тек қана қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын) лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру осы баптың 3-тармағының 1), 4), 5), 7) және 8) тармақшаларында белгіленген негіздемелер бойынша жүргізіледі.

6-2. Сақтандыру немесе қайта сақтандыру брокерлері лицензияларының қолданылуы осы баптың 3-тармағының 1), 4), 7) және 8) тармақшаларында белгіленген негіздемелер бойынша тоқтатыла тұрады.";

20) 49-бапта:

1 және 3-тармақтардағы "Мемсаққадағалау" және "Мемсаққадағалауға" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган" және "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын өз еркімен тарату осы Жарлықта көзделген шарттарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын өз еркімен таратылу тәртібі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

3-2. Қайта сақтандыру ұйымына, сақтандыру немесе қайта сақтандыру брокеріне

берілген лицензияны оларды мәжбүрлеп тарату кезінде қайтарып алу және қолданылуын тоқтату осы баптың 1-3-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. ";

21) 50-баптың атауындағы "күші шектелген, оны тоқтата тұрған немесе" деген сөздер "қолданылуын тоқтата тұрған немесе оны" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 51-баптың атауындағы "Мемсаққадағалау" және мәтініндегі "Мемсаққадағалаудың" деген сөздер "Уәкілетті мемлекеттік орган" және "уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 52-баптың атауындағы "Мемсаққадағалау" және мәтініндегі "Мемсаққадағалаудың" деген сөздер "Уәкілетті мемлекеттік орган" және "Уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 53-баптың 1-тармағының төртінші абзацындағы "актілері мен нұсқаулықтарын" деген сөздер "құқықтық актілерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат):

1-баптың 2-тармағындағы "жүйесіндегі қатынастары банк туралы заңдармен реттеледі" деген сөздер "және сақтандыру жүйесіндегі банк туралы және сақтандыру туралы тиісті заңдармен реттеледі" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат):

1) 1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктердің ерекшеліктері банк заңдарымен белгіленуі мүмкін.".

2) 9-баптың бірінші абзацындағы "елуден" деген сөз "жүзден" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 65-бапта:

1-тармақ "шаруашылық серіктестік" деген сөздерден кейін ", акционерлік қоғам" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "жаңадан пайда болатын" деген сөздерден кейін "акционерлік қоғам," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 69-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "елуден" деген сөз "жүзден" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "елуден" және "елуге" деген сөздер тиісінше "жүзден" және "жүзге" деген сөздермен, "серіктестік" деген сөз "шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Акционерлік қоғамдар туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж, N 17-18, 223-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акционерлік қоғамдар туралы жалпы ережелер банк және сақтандыру қызметі туралы заң актілерінде өзге ережелер белгіленбеген жағдайларда қолданылады.";

2) 2-баптың он жетінші абзацы мынадаЙ жаңа редакцияда жазылсын:

"баспасөз басылымы - таралымы кемінде 30.000 дана болатын мерзімді баспасөз басылымы немесе бағалы қағаздар рыногының мәселелері жөнінде материалдар жариялайтын мамандандырылған басылым. Баспасөз басылымдарының тізбесін уәкілетті орган белгілейді.".

11 . "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 52-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат):

1) 2-баптың отыз жетінші абзацындағы "бағалы қағаздармен" деген сөздер "қаржы құралдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 24-баптың 1-тармағының бірінші абзацы "оларды орналастырудың әрбір алты айдағы" деген сөздерден кейін "(әрбір алты ай аяқталғаннан кейін бір ай ішінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 37-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның шешімі бойынша қор биржасының акционерлері бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары болып табылмайтын, бірақ заңдарға сәйкес бағалы қағаздардан басқа өзге қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаларға қор биржасының акцияларын сатып алу құқығы берілуі мүмкін.";

5-тармақ алып тасталсын;

4) 38-бапта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өзінің мүшелеріне қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау немесе тіркеу үшін арнаулы жабдықталған үйлер және (немесе) арнаулы бағдарламалық-техникалық кешендер болып табылатын сауда алаңдарын (сауда жүйелерін) береді;";

жетінші абзацтағы "бағалы қағаздар рыногында" деген сөздер "қаржы рыногында ( қаржы құралдары мен қаржы қызметтерінің рыногында)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 39-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары болып табылмайтын, бірақ заңдарға сәйкес бағалы қағаздардан басқа өзге қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғалар қор биржасының мүшелері бола алады.";

6) 40-бапта:

1-тармақта:

бірінші сөйлемдегі "Қор биржасын басқару" деген сөздер "Қор биржасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "Қор биржасын басқару" деген сөздер "Қор биржасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қор биржасы органдарының құрамына сайланған, бағалы қағаздары осы қор биржасының листингіне енгізілген ұйымдардың лауазымды адамдарының дауыстары листинг мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде дауыстарды санағанда есептелмейді.";

3-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Қор биржасының жоғары органы шешімдер қабылдаған кезде оның акционерлерінің дауыс саны бірдей болады.";

7) 42-баптың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бағалы қағаздар листингі үшін";

8) 44-бапта:

2-тармақта:

бірінші және екінші сөйлемдер "Биржалық" деген сөздің алдынан "Бағалы қағаздармен" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын: "Қор биржасының мүшелері келіскен кезде биржа олардың бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногындағы қызметін реттеуге құқылы";

3-тармақта:

бірінші абзац "Биржалық" деген сөздің алдынан "Бағалы қағаздармен" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацта "қаржы құралдарымен" деген сөздер "бағалы қағаздармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "қаржы құралдарын" деген сөздер "бағалы қағаздарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 46-бапта:

2-тармақтағы "ережелерін" деген сөз "1-тармақпен белгіленген талаптарды" деген сөздермен, "биржа листингінен" деген сөздер "қор биржасында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар санынан (осы бағалы қағаздардың делистингінен)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "осы бағалы қағаздарды биржа листингінен шығарып тастау" деген сөздер "олардың делистінгі" деген сөздермен, "осы бапта" деген сөздер "осы баптың 1-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Осы заңда белгіленген ұйымдастыру-құқықтық нысандағы сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары 1999 жылғы 1 қазанға дейін қайта тіркелуге міндетті.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК